

*Сөз мәдинеті.*

*Сөйлеу мәдениеті-ел мәртебесі.*

*Орындағандар: 10 «А» сынып оқушылары  
Бахытжан Индира,  
Досова Асима*

# *Жоспар.*

- 1. Сөз мәдениеті (теориялық сипаттама)*
- 2. Қазақ тіліндегі сөз мәдениетінің дамуы*
- 3. Сөйлеу мәдениетінің маңызы*
- 4. Қазіргі таңдағы адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі*
- 5. Ой қозғау, пікір-талас жіргізу*



# Сөз мәдениеті

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас құралдарының ішіндегі өмірде кең қолданылатыны және аса маңыздысы – тіл. Сондықтан адамдар арасындағы қатынас мәдениеті туралы айта отырып, сөз мәдениетіне соқпай кету мүмкін емес.

**Сөз мәдениеті** ([орыс.](#) *культура речи*) — әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту.

**Тіл мәдениеті** – тіл білімінің әдеби тілінің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейді. Тіл мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айырмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен жақсы қарым-қатынаста болуы. Тіл мәдениеті қамтитын тілдік норманың 3 түрі:


1. *Тілдік норма* (лексика, сөз жасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы).
2. *Этика – сөз нормалары* (сөйлеу этикасының ережелері).
3. *Коммуникативті норма* (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).



# Қазақ тіліндегі сөз мәдениетінің дамуы

Сөз мәдениеті теориясының дамуында [лексикография](#), әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, [орфоэпиялық](#), [орфографиялық](#), [синонимдік](#) т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі Сөз мәдениетінің дамуына ауыз әдебиетінің өкілдері және [Абай](#), [М. Әуезов](#), [Ғ. Мүсірепов](#), т.б. шығармаларының ықпалы зор болды. [Қазақ тіл](#) білімінде Сөз мәдениетінің мәселелерін [А. Байтұрсынұлы](#), [М. Балақаев](#), [Р. Сыздықова](#) т. б. ғалымдар зерттеді.

1950 жылдарға дейін лексикология жеке пән ретінде оқытылмай, негізінен, мақала көлемінде ғана сөз болып келсе, Ғ.Мұсабаев тұңғыш рет лексиканың ғыл. курсы жазды. 1950–60 жылдардан бастап лексиканың түрлі топтарының (синоним, омоним, архаизм, историзм, кірме, біріккен сөздер, т.б.) ерекшеліктерін анықтау жөнінде зерттеулер жүргізіліп келеді. І.Кеңесбаев идиома мен фразеология мәселелерін зерттеп, «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» жасап шықты (1977). «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі», «Абай тілі сөздігі», синонимдер сөздігі, лингвист., орфографиялық, диалектологиялық, орфоэпиялық, кері алфавиттік, т.б. сөздіктер жарық көрді.



# Сөйлеу мәдениетінің маңызы

Сөз мәдениеті, *біріншіден*, ауызекі тіл мәдениеті және жазба тіл мәдениеті болып екіге бөлінеді.

Ауызекі сөйлеу тілінің де жазба тілінің де бастау негізі – белгілі бір ұлттың дәстүрімен сабақтасқан жалпы халықтың тілі. Ауызекі сөйлесу кезінде жеке адамдар өзінің мінез – құлқын көрсетеді. Сондықтан да сөйлеу, сөйлесе білу өнер, мәдениеттіліктің белгісі. Тілдік норманың жүйесін толық сақтайтын жазба тіл. Соның ішінде жазба әдеби тіл. Жазба әдеби тіл – жазу арқылы белгілі жүйеге түскен жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, тұрақты нормалары, стильдік – жанрлық тармақтары бар тілдің түрі.

*Екіншіден*, сөз мәдениеті сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы) және сөзді бедерлі жұмсау (сөз шеберлігі) деген екі сатыдан тұрады.

Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұстану дегенді білдірсе, сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты ғана білдірмейді, сонымен қатар алуан түрлі тілдік амал-тәсілдерінің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, ұтымды түрін талғау дегенге негізделеді. Бұл жерде сөзге дұрыс не бұрыс деген баға берілмейді. Сөз “дәлірек”, “айқынырақ” деп бағаланады.

Тіл анық болмас, ой анық емес деген сөз. Тіл – ойдың айнасы. Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі.

***Тіл мәдениеті*** – айрықша парықтауды қажет етеді. Анайы сөйлеуге, сөге жамандай сөйлеуге деген дағдыдан бас тарта білсек, қанеки.

Рас, қоғам бір-ақ сәтте сыпайы сөйлеп, бекзат қалыпқа еніп, дегдар деңгейге жете қоюы бек мүмкін деп ойлау аздық етеді. Оның үстіне әңгіме айтқанда да аспандай бермей, жерге түскен де дұрыс. Сонымен, жердегі әңгіме не дейді. Жердегілер не деуші еді. Бүйдейді де: Дұрыс дейді. Жақсы сөйлеу керек. Сыпайы реуіште жүру керек дейді және де. Содан соң айтады. Сөгу, былапыт сөйлеу күнә деп айтар сөздерін шегелей түседі. Қосыласың. Өйткені өзің де солай ойлайсың. Бұл – ой-пікір, бәтуа жағы.

Ал өмірде, пәни тірлігімізде ше. Мынау бұрышта да, анау қалтарыста да өзімізше айтқанда, сол баяғы айтпау керек деген сөздердің қаптап айтылатыны. Былапыт, кесапат, кеше сөздер бұршақша жауады. Бояуды қалыңдатып жағып жатқан жайым жоқ. Борандай борайды-ау кей-кейде. Бұл не сонда? Іштей де, сырттай да қарсы болғанымызбен, етіміз, шіркін, көнбістік танытады. Келіседі де. Өйткені етіміз үйренген әбден.

# *Қазіргі таңдағы адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі*

Төл тіліміздің сөздік қоры өте бай екендігіне ешкім де бүгінде таласа алмас. Әсіресе, тәуелсіздік алғалы бері елімізде қаншама басылымдардағы әдеби- көркем, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-мәдени, тұрмыстық қарым-қатынаста туындаған жаңа да тың, соны сөздер, сөз орамдары мен сөз тіркестері де сөздік қолданысқа еніп кетті. Бастапқыда сол сөздерді өгесінгенімізбен, өзегімізді талдырмайтындығына, өлтірмейтіндігіне көзіміз жетті. Көне сөздерге жатқызуға бейімделіп қалған ұлттық ерекшеліктер – киіз үй, ою-өрнектер, мал шаруашылығы, байырғы соғыс өнеріне қатысты сөздер соны мәнге ие болып, жаңара бастады, жаңғырды. Мәселен, киіз үйге қатысты туырлық, уық, ергенек, кереге, шаңырақ деген сөздер күні кешегі күннің заттары секілді өз мағынасы мен мәнін жоғалта бастағаны жасырын емес-ті. Өз тіліміздегі өз сөзіміз көңілімізге, көкейімізге томпақ тиіп, оны баяғы замандағы көшпелі халықтың, көне ата-бабаларымыздың көшіп-қонып жүргендегі сөз қолданысы деген де ойда болатынбыз.

Рас, тәуелсіздік ұлттық болмысымызды оятты, сергітті. Ата-бабамыздың, түп тамырымыздың түбіне, өзегіне, тереңіне үңіле түсуге ықпал етті. Оң әсерін тигізді. Біздер ешкімнен де кем емес, өз тарихы, өз мәдениеті мен өзіндік рухы бар әрі болмысы биік ұлт екендігімізге сенімімізді күшейтті.



# Ой қозғау, пікір-талас жсiргiзу



5. Әлеуметтік байланыс тілге қандай әсерін тигізеді?

Сөз мәдениеті бүгінде өз деңгейінде ме?

XX ғасырдың басында Абай өзінің жиырма бесінші сөзінде «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды.» - деген болатын.

3. Көптілділік-ұлт тілінің шұбарлануына әкеліп соқты?
4. Тіл туралы қандай нақыл сөздер білесіңдер?



# *Қорытынды*

Айтпағымыз, сөйлеу мәдениеті ұғымын мемлекеттік деңгейге көтерсек деген ұсыныс. Сөйлеу мәдениеті жайлы түсінік, оның анықтамасы, ережесі, қолданылу сипаттары жайлы еңбектер алдағы уақыттарда да көбірек жазылса. Замана, уақыт талабына сай еленіп, електен өтсе. Ол үшін қазақ тіліндегі орфографиялық сөздіктер бір ізге түссе, қадағаланса. Бүгінде бір сөздің өзі екі-үш түрлі жазыла береді. Бірде қосылып жазылады, кейде дефис арқылы беріледі, тіпті, бөлек жазылады. Орфографиялық сөздікте мұндай сөздердің дұрыс жазылуы көзге анық жазылса да, ескерусіз, еленусіз күй кешуде.